

Бекітемін: *Жусуп*  
№29 "Ай-Керім" бабескеші-  
бақшысының меңгерушісі  
К.С. Сейдалиева

## «Жаңа жылдық сыр сандық!»



Тәрбиешілер: Анарбаева Рана Азатбаевна  
Қуралова Айсұлу Курманбетовна  
Музыка жетекшісі: Бөлегенова Жадыра

2023 жыл



# «Жаңа жылдық сыр сандық!»

Зал мерекеге сай безендірілген. Балалардың көңіл-күйлері көтеріңкі. Музыка әуенімен шеңбер болып кіріп келеді және билейді. Билеп болған соң орындарына отырады.

**Жүргізуші:** Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар, қадірменді ата-аналар. Бүгінгі «Ақкөгершін» мектепалды тобының жаңа-жыл мерекесіне арналған «Жаңа жылдық сыр сандық!» атты ертеңгілігімізге қош келіпсіздер!

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы  
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды  
Жаңа жылмен құттықтаймын бәрінді  
Бакыт, шаттық, молшылықты әкелсін.  
Құтты болсын ағайын!  
Жаңа жылың тағы да.

**Жүргізуші:** Балалар біз бүгін қандай мерекені тойлауға жиналып отырмыз?

**Балалар:** Жаңа-жыл мерекесін.

**Жүргізуші:** Жаңа-жыл мерекесінің басты қонақтары кімдер?

**Балалар:** Аяз ата мен Ақшақар.

**Жүргізуші:** Дұрыс айтасындар балалар бірақ біз тағы нелерді ұмытып кеттік?

**Барыс:** Осы кезде Барыс ырсылдап ашуланып жүгіріп келеді. Мен үлгердім ау әйтеуір. Балалар биылғы 2023 жаңа жыл келген жоқпа?

**Балалар:** Жоқ көрген жоқпыз.

**Жүргізуші:** Не болды Барысжан сонша жүгіріп келдің?

**Барыс:** Мен оны орманнан іздеп таба алмадым, өзімнен кейінгі анның қандай аң екенін ұмытып қалдым, балалар сендер білесіндерме?

**Балалар:** Жоқ

**Жүргізуші:** Барысжан, балалар олай болса мен жұмбақ жасырайын сендер ойланып жұмбақтың шешуін тапсаңдар осы келер жылдың қандай аң екенін білесіндер жарайма. Менің жұмбағымды мұқият тыңдаңдар.

**Жұмбақ:**

Қалқиып қос құлағы,  
Елендеп қорқып тұрады.

Ал енді жұмбақтың жауабын кім біледі екен?

**Балалар:** жұмбақтың шешуін шешеді: (**Жауабы: Қоян**)

**Жүргізуші:** Жарайсындар балалар сендер жұмбақты дұрыс таба білдіңдер. Барысжан көрдіңбе 2023жыл Қоянжанмен бірге жүреді екенбіз.

**Барыс:** Мен орманнан қоянды көрмедім ол қайда жүр екен?

**Жүргізуші:** Барысжан сен уайымдама Қоянжанда келіп қалар, я балалар.

**Балалар:** Ия

**Жүргізуші:** Мен Қоянға емес біздің қадірлі қонақтарымызға уайымдап тұрмын, олар кешігіп жатырғой. Балалар барлығымыз Аяз ата, Ақшақар деп айқайлайықшы. Олар бізді таппай жүрген шығар.

**Балалар:** Аяз ата, Ақшақар, Аяз ата, Ақшақар, Аяз ата, Ақшақар.

Залға Аяз ата мен Ақшақар кіріп келеді

**Аяз ата:** Оооооооооооооо..... Амансындарма ұлдарым!

Амансындарма қыздарым!

Амансындарма қонақтар!

Құтты болсын, балалар

Келген Жаңа жылдарың

Көрерменнің көңілінен шығады,

Мың бұралған бишілердің өнері.

Ұлпақарлар биін тамашалаңыздар.

**Би «Ұлпақарлар»**

(Х.Аяла, Инжу, Нұрай, Айзереп, Жайна, Жания, Жансая, Ажар, Камила, Ажарай, Айару, Еркеназ, Нойла, Т.Аяла, Каусар)

**Жүргізуші:**

Нұрландырып маңайды

Шырша шамы жағылды

Жаңа жылдың құрметіне

Ақ тілектер ағылды!

**Тақпақтар:** Ару қыздарымыздың өлең шумақтарын қабыл алыңыздар.

**Инжу:**

Жапалақтап ала қар,

Жауды күнде кайталап.

Қырға шықты балалар,

Шаңғыларынарқалап.

Қуаныштың бүгінгі

Басылмайды ыстығы

Жылдамырақ жүруді

Үйретеді қыс күні

**С.Ажарай:**

Жаңа жыл, жаңа жыл.

Не әкелдің сен бізге.

Бау-бакшаң толған гүл.

Аяз ата кел биле.

Жаңа жыл, жаңа жыл.

Жаңалық ізде сен.

Жаңа ән, жаңа жыр.

Жазып бер бізге сен.

**Х.Аяла:**

Ескі жылмен қоштасып.

Шығарып салып келеміз.

Жаңа жылмен достасып.

Алға баса береміз.

Келді, келді жаңа жыл.

Қуана қарсы аламыз.

Қол соғамыз баршамыз.

**Каусар:**

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,

Ақ мамыққа бөлеп алды маңдайды,

Жаңа жылмен құттықтаймын деген үн

Қанаттана кең алқапқа тарайды.

Келді тағы жаңа жыл

Қуантып біздерді





қонақтар, сәлеметсіңдерме балалар Амансызба Аяз ата.

**Балалар :** Сәлеметсіңбе қоян.

**Аяз ата:** Аманбыз, аманбыз!!!

**Жүргізуші:** Ал Аяз ата енді барлығымыз түгелденді балапандарымыздың өнерлерін ары қарай тамашалайық.

**Аяз ата:** Өрине тамашалайық.

**Жүргізуші:** **Рана**

Кел, балақай шырша дайын,

Қол ұстасып ән салайық

Жаңа жылдың жарқын айын

Әнмен, бимен қарсы алайық.

Жаңа жылға арналған Ән шашуымызды қабыл алыңыздар.

**Ән:** «Келді міне жаңа жыл»

**Би:** «Ұлдар биі» (10 бала)

Жаңа жылда келеді,

Бізге қарай жылыстап,

Такпак айтып берейік

Думандатып қол соқсақ

**Такпактар:**

**Ернұр:** Аппак ұлпа қары бар

Қардың да өз әні бар

Жаңа жылда жас ұлан

Биге, биге бас ұлан.

Ақ сақалды, таяқты

Қалың қырау қабақты

Аяз ата аямай

Бізге сыйлық таратты..

**Сағадат:**

Ақ қар жапты даланы,

Ақ жамылды айнала.

Жарқыратып шамдарын,

Шырша келді ортаға.

Келді тағы жаңа жыл

Қуантумен біздерді!

Құтты болсын қуаныш,

Құттықтаймыз сіздерді!

**Әділет:**

Аяз Ата ойды қырды

Аралап жүр түгел шолып.

Қарсы алғалы жана жылды,

Ол да көптің бірі болып.

Қайда қызық болса думан,

Аяз Ата сонда болды.

Күндіз үйде ойнап бізбен,

Балалармен бірге болды.

**Еділхан:**

Тамаша, тамаша,

Шыршамыз тұр жараса.

Басында әсем жұлдызы,  
Көз тоймайды караса.

**Заңгар:**

Аспан жерге төгеді,  
Ақ күмісін ұмстап,  
Жана жылда келеді  
Бізге қарай жылыстап.

**О.Айсұлтан:**

Безендіріп шыршаны  
Жыл қуантты баршаны.  
Той-маскарад басталды,  
Аяз оны басқарды.  
Аппақ тонға оранып,  
Базарлықты мол алып.  
Келді алыс сапардан,  
Аяз ата оралып

**Жүргізуші:** Кішкентай бүлдіршіндеріміздің орыс тіліндегі әнін қабыл алыңыздар.

**Ән: «Снег идет»**

**Би: «Ушанки»** (Қ.Ажар,Жайна,Айару,Жания,Жансая - Әділет,Али,  
Сағадат,Алинұр,Е.Айсұлтан)

**Жүргізуші: Рана**

Келіндер,келіндер  
Такпақ айтып  
беріндер  
Жомарт Аяз атадан  
Сыйлық алып көріңдер.

**Балалардың орыс тіліндегі такпақтары:**

(Әділет, Камила,Каусар,Қ.Ажар,)

**Камила:**

Новый год! Новый год!  
Всех на праздник соберет!  
Добрый дедушка Мороз  
Нам подарки принесет!

**Әділет:**

Все вокруг сияет,  
Все вокруг блестит.  
Новый год шагает  
В гости к нам спешит.

**Қ.Ажар:**

Настоящий Дед мороз  
Дарит нам игрушки  
Он на санках их привез  
Из своей избушки.

**Каусар:**

Шарики сияют,  
Огоньки блестят.  
Елочка-красотка  
Радует ребят.



Жүргізуші: Аяз ата балалардың өнерлері сізге ұнады ма?

Аяз ата: Әрине ұнады, керемет өнерлі балалар екені көрініп тұр.

Жүргізуші: Балаларымыздың тағыда керемет өнерлері бар ол денсаулығымызға байланысты болып тұр. Мұнда ұлдарымыз керемет шаңғы ойынын ойнайды.

**Балалар: Ойыны: «Шаңғы»**

( Әділет, Еділхан, Алинұр, Ернұр, Али - 1 топ-5 бала)

(Сағадат, Е. Айсұлтан, О. Айсұлтан, Ербатыр, – 2 топ-5 бала)

**Балалардың такпактары:**

**Әли:**

Ақша қарға малынып,  
Аппак тонын жамылып,  
Сакалы мен мұртына,  
Күміс моншақ тағылып.  
Аяз ата келдің бе?  
Балаларды сағынып.

**Алинұр:**

Жаңа жыл, Жаңа жыл,  
Жаңа жылға жаңа жыр.  
Жасыл шырша жанында,  
Билеп барлық бала жүр!  
Жасыл шырша орманның,  
Бізге арнайы келіпті.  
Ойыншығын балалар,  
Шыршаға әсем іліпті.

**Ербатыр:**

Шыршамыз да керемет  
Ойыншықтар тағылған  
Алыс жақтан келіп тұр  
Аяз ата сағынған.

**Е.Айсұлтан:**

Жүргізуші : Ал енді сұлу да сүйкімді қыздарымыздың билерін тамашаланыңдар.

**Би: «Көңілді қыздар биі» 10 қып**

Жүргізуші: Қыздарымыздың өлең шумақтарын қабыл алыңыздар.

**Жайна:**

Жасыл шырша жайнаған,  
Жаркыраған нұрменен.  
Қандай гажап айналам,  
Құлпырғандай гүлменен.  
Базарлықты баршаға,  
Әжелің мол тағы.  
Қарасын деп тамсана  
Безендірдік шыршаны

**Қ.Ажар:**

Аяз келді қаһарлы  
Айналаны қар жапты,  
Ақтон киіп орман тұр  
Дәл атамдай салмақты.

**Айзереп:**

Ақ қар жапты даланы,  
Ақ жамылды айнала.  
Жарқыратып шамдарын,  
Шырша келді ортаға.  
Келді тағы жана жыл  
Қуантумен біздерді!  
Құтты болсын қуаныш,  
Құттықтаймыз сіздерді!

**Айару:**

Таяғы бар қолында,  
Қар борады соңында.  
Қандай сыйлық бар екен Аркалаған қабында.  
Ал, балалар тұрайық  
Би билейік ойнайық.  
Аяз ата қуансын.  
Дөңгелеке тырайық.  
Би билейміз ән салып.

**Жансая:**

Жана жылға сәніміз  
Біздің айтар әніміз  
Келдің бе аман алыстан  
Сәлем, Аяз атамыз.

**Нойла:**

Аяз – ата ақ сақалды,  
Ақ таяқты пан ата,  
Асып өтіп асқар тауды  
Жеттің бізге таң ата  
Жапалақтап ақша қар  
Жауды күнде қайталап  
Қырға шықты балалар  
Шаңғыларын аркалап.

**Жания:**

Жана жылды қарсы алып,  
Барлық бала ән салып.  
Ақшақар жүр би билеп,  
Қол соғады барша жұрт.  
Шыршамызда керемет,  
Ойыншықтар тағылған.  
Алыс жактан келіп тұр,  
Аяз ата сағынған.



**Т.Аяла:**

Оралды өлкеме,  
Жаңа жыл армысың !  
Оранды ақ көрпе,  
Асқар тау, қарлы шың.  
Тоғай да, баулар да,  
Ақ күміс жамылды.  
Дала да, таулар да,  
Өзінді сағынды.

**Камила:**

Жаңа жылда жаңаша  
Жаксы тақпақ айтамыз  
Болсын риза балаша  
Аппак аяз атамыз  
Аспан жерге төгеді  
Ақ күмісін уыстап  
Жаңа жылда келеді  
Бізге қарай жылыстап

**Қ.Ажар:**

Тізбек шамдай жұлдыздар,  
Көкке мойын бұрғызар.  
Әшекейлеп әйнекті,  
Өрнек салды түнгі ызғар.  
Бүгін бәрі өзгерер,  
Жарқын күлкі, сөз бөлек.  
Тілек айтып күттік біз,  
«Кел, Жаңа жыл, төрле»-деп.

**Аяз ата:** Керемет неткен өнерлі балар еді.

**Барс:** Балалар, Аяз ата сіздермен бүгінгі күнімді өте керемет өткіздім.

Ал енді менің сіздермен қоштасатын кезім келді.

Осы 2023 жыл Жаңа жылды өз иесіне тапсырайын. Қоянжан міне осы жаңа жыл сенің жылың болғандықтан халқымды сенің жауапкершілігіңе тапсырдым.

- Жаңа жылдарыңмен достар!

- Жыл қуантсын баршаны. Құтты болсын Жаңа жыл!

Сау болындар достар!!!

**Аяз ата:** Ал балалар сендердің өнерлерінді тамашаладым, барлығы керемет болды.

Қызым енді балалардың еңбектерін бағалайтын кез келді, олай болса, менің де балаларға арнаған тартуым бар.

Сыйлықтарды алып кел қызым. Сыйлықтар таратылады:

Ал қызым біздіңде қоштасатын кезіміз келді, сендерді келер жыл Қоянға тапсырамын

Бәрекелді, балақайлар. Мен сендерге ризамын.

Мені сендер сияқты басқа да балалар күтуде.

Жаңа жылдарыңыз құтты болсын!

Келесі жылға дейін көріскенше, аман сау болыңдар!  
Сауболыңдар!

Ақшақар: Жаңа жыл сіздердің барлығыңызға жақсылық алып келсін.

Барлығы: Сау болыңыздар!

**Қоян:** Әрине жаңа жыл барлығыңызға құтты болсын.

Мен сіздермен бір жыл бойы жақсы күндерді бірге өткізуге уәде етемін.

Жүргізуші: **Рана**

Жаңа жылым төрле бізге нұр болып,

Жақсылықтың жарынысы боп, бақ болып.

Жаңа жылым құтты болсын бәріне.

Жаңа жылмен құттықтаймын сіздерді.

Құрметті қонақтар, ата-аналар келе жатқан жаңа жыл құтты болсын!!

Жаңа жыл жақсы жаңалығымен келсін, отбасыларыңызда ырыс пен береке кетпесін.

Жаңа жыл құтты болсын!!!! Осымен бүгінгі «Ақкөгершін» мектепалды тобының

«Жаңа жылғы сыр сандық!» атты ертеңгілігіміз соңына жетті.

Сау болыңыздар!!!

Менгеруші сөзі:

Ата ана сөзі:







